

"KEGOC" электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" ашық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 9 сәуірдегі N 346 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру жөніндегі комитеті мен Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 37 және Бөгенбай даңғылы, 7 әкімшілік ғимараттарын, сондай-ақ Астана қаласы, Бөгенбай даңғылы, 7 мекен-жайлары бойынша орналасқан автомашиналар гараждарын "KEGOC" электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" ААҚ-тың жарғылық капиталына берсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі